ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың**
**«ǴYLYM JÁNE BILIM - 2025»**
**XIX Халықаралық ғылыми конференциясының**
**БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**
**XX Международной научной конференции**
**студентов и молодых ученых**
**«ǴYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS**
**of the XX International Scientific Conference**
**for students and young scholars**
**«ǴYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025**
**Астана**

**УДК 001(06)**
**ББК 72я631**
**F96**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана: – 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-08-5373-7**

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**
**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов имолодыхученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

**УДК 001(06)**
**ББК 72я431**
**F96**

**ISBN 978-601-08-5373-7**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | приложения для<br>создания визуального портфолио | |
| 1720. | Уркенова Д.А. | Социальный брендинг и его влияние на современный мир | 7346 |
| 1721. | Хабибулина А.Р. | Психология цвета в айдентике: как цвета влияют на восприятие бренда | 7350 |
| 1722. | Хитуова М.Т. | Искусственный интеллект в графическом дизайне: новые возможности и вызовы | 7353 |
| 1723. | Шаймуханбет А. | Современные тенденции в создании сувениров: от массового производства к уникальным изделиям | 7355 |

## 11.7 НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И МЕТОДЫ В СФЕРЕ ДИЗАЙНА

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1724. | Аманбек Назерке | Контемпорари стиліндегі сұлулық салонын қайта өңдеу, эстетика мен қолайлылық үйлесімі | 7360 |
| 1725. | Әмір Әлия Әшімханқызы | Дәмхана интерьерін заманауи стильде қайта әзірлеу | 7364 |
| 1726. | Мешітбай Дәмеш Мұратқызы | Косметолгия салонының интерьерін биоскандинавиялық стилде оңтайландыру | 7367 |
| 1727. | Жалғас Зарина Нұрланқызы | Ескі мен жаңаның үйлесімі: ескі үйді контемпорари<br>стильде қайта құру | 7371 |
| 1728. | Ескенова Ажар Қадыржанқызы | Сұлулық салонын минимализм стилінде<br>Қайта өңдеу | 7374 |
| 1729. | Кульжнова Жасмин Нуржановна | Эргономика и инклюзивный дизайн в использовании экологических текстильных решений в интерьере | 7377 |
| 1730. | Болысбекова Райхан Темирбековна | Костюм дизайндағы шығармашылық композиция | 7380 |
| 1731. | Альбусынова Сымбат Думановна, Ералы Эльмира Әнуарбекқызы | Шағын қалаларға арналған инновациялық кітапханалар мен білім беру орталықтарын жобалау | 7382 |
| 1732. | Садырбай Ақмарал Жұмабекқызы | Этнографиялық символизмнің Сәндік өнерде қолданылуы | 7385 |

## СЕКЦИЯ 12 ТРАНСПОРТ И ЭНЕРГЕТИКА
## КӨЛІК ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКА / TRANSPORT AND ENERGY

| **Подсекция 12.1 Транспортная инженерия<br>Көлік инженериясы / Transport engineering** | | | |
|---|---|---|---|
| 1733. | Алдаберген А.А. | Қазақстандағы автомобиль нарығының жан-жақты талдау | 7392 |
| 1734. | Дюсенбаева А.А. | Биодизель: Қазақстандағы даму перспективалары | 7395 |
| 1735. | Қалтай А.Б. | Биосутегі: оның өндірісі, Қазақстандағы дамуы | 7397 |
| 1736. | Жанайдар С.Ж. | 2024 жылдың теміржол вагондарының | 7400 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | инфрақұрылымы | |
| 1737. | Курбанов Д.А. | Климат-контроль в транспортных средствах: сравнение Казахстана и стран Европы | 7403 |
| 1738. | Амангельдинов А.С. | Проблемы карьерных самосвалов Казахстана. Путь их решения | 7408 |
| 1739. | Гордей К.С. | Анализ применения экологичных материалов для тормозных колодок | 7416 |
| 1740. | Кушмагамбетов Т.Р. | Оптимизация конструкций транспортных средств | 7421 |
| 1741. | Казбеков Е.С. | Система рекуперации выхлопных газов EGR | 7426 |
| 1742. | Ералин Д.Д. | Транспорт и углеродный след: анализ ситуации в Астане за последние три года | 7430 |
| 1743. | Алданыш А.С. | Разработка методики формирования сети электрозарядных станций в Казахстане | 7433 |
| 1744. | Кожахметов Т.Н. | Повышение эффективности использования транспортных средств и организации перевозок зерна в Костанайской области | 7437 |
| 1745. | Мейрманов Р.С. | Прогнозирование потребности в колесных парах грузовых вагонов и совершенствование технологии их ремонта на железных дорогах Республики Казахстан | 7441 |
| 1746. | Талғатұлы М. | Ақылы жол жүйесі: даму бағыты мен болашағы | 7444 |
| 1747. | Зинатуллин А.Р. | Диагностика электрооборудования тягового электропривода электротранспортных средств | 7447 |
| 1748. | Разбек Д.М. | Повышение эффективности технического обслуживания тормозной системы автомобилей | 7450 |
| 1749. | Мерекеұлы Н. | Қостанай облысында ауыл шаруашылығы техникасына қосалқы бөлшектерді жеткізу | 7453 |
| 1750. | Жорабек А.Н. | Моделирование ленточного конвейера с полимерной лентой | 7454 |
| 1751. | Бейімбетұлы Б. | Астана қаласында құрылыс қалдықтарын тасымалдауды жетілдіру жолдары | 7458 |
| 1752. | Шамаганов Д.Т. | Модернизация подвески автотранспортных средств для условий бездорожья, с повышением надежности | 7460 |

**Подсекция 12.2 Теплоэнергетика**
**Жылуэнергетика / Heat power engineering**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1753. | Арысбай М.Б. | Қант зауытының қалдықтарын қайта өңдеудің энергия үнемді әдістемесін | 7467 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әзірлеу | |
| 1754. | Жапбаралы Т. | Научно-технические аспекты разработки технологий солнечной электростанции для условий Республики Казахстан | 7469 |
| 1755. | Жумагулова Д.К. | Обзор влияния влажности воздуха на эффективность фильтрации пыли в промышленности | 7474 |
| 1756. | Жұманазар Н.Д. | Ғимараттарды жылу изоляциялаудың заманауи технологиялары – энергия үнемдеу стратегиясы | 7479 |
| 1757. | Кабимулла А.Н. | Исследование и разработка катодных материалов с повышенной каталитической активностью для твердооксидных топливных элементов | 7488 |
| 1758. | Қаирбеков А.Ж. | Қазақстан Республикасында биогазды пайдалану болашағы | 7490 |
| 1759. | Қалжігіт Қ.Б. | Оценка эффективности частичного сжигания водорода в парогазовой установке | 7494 |
| 1760. | Omarbekova A.B. | To the question of labor safety in thermal power industry | 7499 |
| 1761. | Турикпенбаева А.А. | Газтурбиналық қондырғылардың жану камераларында көмірді газдандыру өнімдерін тиімді жағу үшін жанарғы құрылғысын жасау | 7502 |

**Подсекция 12.3 Стандартизация, сертификация и метрология**
**Стандарттау, сертификаттау және метрология / Standardization, certification and metrology**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1762. | Аукенова Ж.Ж. | Повышение эффективности системы сертификации безопасности конструкций транспортных средств в Казахстане: проблемы и пути решения | 7509 |
| 1763. | Ахмаджанова Н.Б. | Принципы ХАССП и их применение в системе безопасности пищевых продуктов | 7511 |
| 1764. | Бекзатқызы А. | Массаны өлшеу құралдарын калибрлеу процесстерін жетілдіру бойынша шетелдік тәжірибе | 7513 |
| 1765. | Беркинова Т.Р. | Государственный контроль в области технического регулирования: недостатки законодательства и перспективы их устранения | 7516 |
| 1766. | Ғабиден Д.Ғ. | Мемлекеттік рәміздерді дайындауды бақылау | 7518 |
| 1767. | Егенберген Е.Е. | Қазақстанда экологиялық таза өнім өндіруді міндеттеу | 7522 |
| 1768. | Жанатова А.Е. | Кеден одағындағы теміржол көлігінің сапасын бағалау жүйесі | 7524 |
| 1769. | Жандилдашева А.Р. | О качестве туристических услуг в Республике Казахстан | 7532 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1770. | Зарлыкова Г.О. | К вопросу о стандартизации субпродуктов яка | 7535 |
| 1771. | Зархынбек З. | Аттракциондарды пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын талдау | 7537 |
| 1772. | Заханова С.Б., Мустафаева А.С., Тілепалды Д.Қ. | ҚР СТ 1288-2016 стандартына сәйкес жол сапасын бағалау технологиясы | 7541 |
| 1773. | Калиакпарова К.Б. | Метрологиялық бақылаудың заманауи әдістерін енгізудің маңыздылығы | 7545 |
| 1774. | Куанышбек А. | Фальсификация товаров как угроза безопасности для потребителей | 7548 |
| 1775. | Кульдабаева А.Е. | Интеграция стандартов в процессы жизненного цикла продукции: вызовы и решения | 7551 |
| 1776. | Марат Е.А. | Өнеркәсіптік жүк көтергіш крандарды радиобасқару жүйесіне көшіру | 7556 |
| 1777. | Нұрат М.Н. | Халал индустрияның ұлттық инфрақұрылымына тиімді механизмді енгізу бойынша талдау және ұсыныстар әзірлеу | 7558 |
| 1778. | Нұрғазы А.Н. | «E-KTRM» платформасында сертификатсыз тауарларды цифрлық есепке алу | 7562 |
| 1779. | Нұрман Д.К. | ҚР СТ ISO 45001-2019 стандартының еңбек қауіпсіздігіне әсері: тиімділігін бағалау және оңтайландыру жолдары | 7564 |
| 1780. | Оразаев М.В. | Актуальные вопросы сертификации товаров и услуг | 7568 |
| 1781. | Оралханова А.Қ. | Айналысқа шығарылған құрылыс материалдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін айқындау және оны арттыру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу | 7572 |
| 1782. | Орынғалиұлы А., Альжанова А.К. | Методологические подходы к повышению точности измерений теплопроводности и температуропроводности нанокомпозитных материалов | 7575 |
| 1783. | Рамазанова Ә.Б. | Цифрландырудың тау-кен өндірісіндегі сапа мен қауіпсіздікке әсерін талдау | 7580 |
| 1784. | Рысбек Ж.Қ. | ISO стандарттарына сәйкес керамикалық кірпіш өндірісінің сапасы мен тиімділігін басқару бойынша ұсынымдарды талдау және әзірлеу | 7585 |
| 1785. | Садыкова Ж.Е., Акбердиева А.Б. | Метрологическое обеспечение измерений при синтезе функциональных материалов | 7588 |
| 1786. | Сагымбекова А.С. | Әртүрлі елдердегі метрологиялық бақылау тәсілдерін салыстырмалы талдау | 7592 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1787. | Саутова А.К. | ҚР СТ ISO 14001-2016 экологиялық менеджмент жүйесін ұйымдарға енгізудің тиімділігін бағалау | 7596 |
| 1788. | Серік М.Р., Есеркенов А.Б. | $CaSo_4$ оптикалық қасиеттерін зерттеуге кешенді көзқарас | 7601 |
| 1789. | Сисенова Ж.Н. | Химиялық кәсіпорындарында өлшемдерді метрологиялық қамтамасыз етуді жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу | 7603 |
| 1790. | Сугирова А.А. | ҚР СТ IEC 31010-2020 бойынша тәуекелдерді басқарудың негіздері | 7607 |
| 1791. | Танирбергенова А. | Мемлекеттік бақылаудың цифрлық трансформациясы | 7612 |
| 1792. | Уразбекова Д.В. | Актуальные вопросы повышения качества транспортной логистики в Казахстане: проблемы и возможности | 7615 |
| 1793. | Ұлан Н.Н., Рымбекова Д.М. | Материалдардың оптикалық сипаттамаларын өлшеудің метрологиялық қамтамасыз етілуі | 7619 |

**Подсекция 12.4 Электроэнергетика**
**Электр энергетикасы / Electric power industry**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1794. | Абдимиталипов А.У. | Мероприятия по снижению потерь электроэнергии в распределительных сетях | 7621 |
| 1795. | Айсаев Е.С. | Внедрение системы мониторинга запасов устойчивости в Западной зоне ЕЭС Казахстана | 7625 |
| 1796. | Айсанов А.Б. | Анализ параметров изоляции воздушных линий 6-10 кВ на промышленных предприятиях | 7632 |
| 1797. | Алтынбаев Н., Мухаметжан Е., Ерік Е., Жанмурзен Ж. | Электр тізбегін есептеу әдістерінің даму кезеңдері | 7635 |
| 1798. | Ахметбаев А.Д. | Расчеты установившихся режимов сложной сети с применением принципов диакоптики | 7639 |
| 1799. | Бахыт Ә.Қ. | Общая задача об определении «Тормозная система Cypress аварийного торможения ветроэнергетической установки на ВЭС Бадамша-1» | 7643 |
| 1800. | Данекерова Г.Қ. | Хромтау қаласындағы жел электр станциясын салудағы технологиялық ерекшеліктер мен инновациялар | 7648 |
| 1801. | Дербисалина Д.А., Касимова А.К. | Орташа кернеулі кабель желілерін қолдану ерекшеліктері | 7652 |
| 1802. | Дошимов К.Ш. | Модель системы «двигатель Стирлинга α-типа – электрогенератор - нагрузка» | 7655 |
| 1803. | Жарасканова А.Ж. | Электр энергиясын тұтыну режимдерін оңтайландырудың заманауи тәсілдері | 7659 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1804. | Іргебай А.М. | Электрмен жабдықтау жүйелеріндегі электр энергиясының шығынын азайту әдістеріне шолу | 7665 |
| 1805. | Капен Т.А. | Влияние коротких замыканий на работу частотно регулируемых электродвигателей | 7668 |
| 1806. | Кожахметова Ә.Д., Қалтай Е.А., Маулен Ә.Н., Мухамед Б. | Электроэнергетикалық қауіпсіздік және экология | 7673 |
| 1807. | Қалдыбаев Д.Т. | «MATLAB-Simulink» көмегімен интеграцияланған жел қондырғысының имитациялық моделін әзірлеу" анықтамасының жалпы міндеті | 7678 |
| 1808. | Мухаметжан Е., Мұқият Е., Мұратова А., Мырзабеков Ә. | Нөлдік ғимараттардың энергиясы (Zero-energy buildings): үйлер өздерін қалай энергиямен қамтамасыз ете алады | 7682 |
| 1809. | Өмірбек Ә.Т. | Ұзын электр желілеріндегі ток мөлшеріне климаттық жағдайлар мен күн белсенділігінің әсерін бағалау | 7686 |
| 1810. | Сарбасов Н.К. | Разработка модели системы накопления энергии на ветровой электрической станции 100 МВт для стабилизации отпускной мощности | 7691 |
| 1811. | Сериков Е.Б., Русланулы Д. | Оптимальные условия эксплуатации силовых трансформаторов при перегрузках с учетом явления насыщения магнитных сердечников | 7695 |

**Подсекция 12.5 Эксплуатация транспорта и логистика**
**Көлікті пайдалану және логистика / Transport operation and logistics**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1812. | Auesbekova M.A., Dukenbayeva G.M. | Strategies for improving logistics company reliability | 7700 |
| 1813. | Tsoy T.R. | The influence of astronomical factors on satellite navigation systems | 7704 |
| 1814. | Kulmurzina A., Iskakov D. | The role of transport models in urban mobility management: a case study of Astana with a focus on microscopic simulation | 7706 |
| 1815. | Nadimov B., Topilskiy R. | UAV-based data collection for transport simulation: potential and practical applications | 7711 |
| 1816. | Абдильманова А.С. | Будущее грузоперевозок: как альтернативный транспорт меняет экологические стандарты логистики | 7715 |
| 1817. | Әлімхан А.О., Гаас Р.А. | Повышение эффективности организации дорожного движения на перекрестке улиц Мәңгілік Ел - Достық | 7720 |
| 1818. | Бадылбаева Д.Б. | Развитие контейнерных перевозок в Республике Казахстан в контексте модернизации транспортно- | 7724 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | логистических центров | |
| 1819. | Батешов Е.А. | Об отсутствии безпересадочных железнодорожных пассажирских маршрутов с большинства южных областей Казахстана до городов Костанай и Усть-Каменогорск | 7727 |
| 1820. | Бекмағанбет И.Б. | «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС филиалы «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» Шығанақ станциясы мен оған жалғасатын жоларалықтарын модернизациялау арқылы теміржол тасымалын оңтайландыру | 7731 |
| 1821. | Бердәлі Н.Т. | Заманауи қолданыстағы детекторлар | 7736 |
| 1822. | Дукенбаева Г.М., Ауесбекова М.А. | Роль и объем перевозок транспортных коридоров Казахстана в 2024 году | 7741 |
| 1823. | Жанботаұлы М. | Халықаралық көлік дәліздерінде көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастырудағы кейбір мәселелер | 7744 |
| 1824. | Жортугулов О.М. | Заманауи таспалы конвейер | 7751 |
| 1825. | Жуматаев А.Т. | Заманауи қатпарлы конвейерлер | 7754 |
| 1826. | Жумагали Ш.Н. | Инновационные подходы к управлению логистическими потоками на международном транспортном коридоре "Север-Юг" | 7758 |
| 1827. | Жұмағалиева М.Б. | Логистический сервис в пассажирских перевозках: современные технологии и перспективы развития | 7762 |
| 1828. | Камалов Р.А. | Перспективы и вызовы внедрения искусственного интеллекта в систему электронного документооборота в ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» | 7765 |
| 1829. | Кенжехан Б.Е., Махмутов Т.Қ. | Моделирование аэродинамических характеристик БПЛА с неподвижным крылом | 7772 |
| 1830. | Касымбекова А.С. | Экологически-ориентированное управление логистикой автомобильных перевозок на примере Республики Казахстан | 7776 |
| 1831. | Қанатбекова З.Қ. | Операциялық тиімділікті арттыру үшін кәсіпорындағы ішкі логистикалық процестерді оңтайландыру | 7781 |
| 1832. | Кулбаракова Ж.А. | «Орал-Алматы» теміржолы бағытында жолаушыларды жедел тасымалдау қызметін ұйымдастыру | 7785 |
| 1833. | Мазманов К.А. | Digit.ex – платформа по поиску онлайн специалистов | 7790 |
| 1834. | Медведев В.В. | Анализ традиционных силовых агрегатов с гибридными и перспективы их развития | 7794 |
| 1835. | Мусинова А.А. | Влияние технологии уполномоченного экономического оператора на транспортно-логистические процессы Казахстана | 7798 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1836. | Мухтар А.З. | Тұрақты логистиканың болашағы: жасыл технологиялар мен инновациялар | 7802 |
| 1837. | Өміржан Д.С. | Международный транспортный коридор «Север-Юг»: перспективы и вызовы | 7807 |
| 1838. | Пулатов М.М., Пулатова М.Ж. | Способы усиления пропускной и провозной способности железнодорожного участка Ангрен – Пап | 7812 |
| 1839. | Смагулова А.Е. | Преимущества и вызовы применения технологии Блокчейн в логистике | 7815 |
| 1840. | Серикова Д.Б. | Көлік-логистика саласындағы цифрлық экожүйелерді қалыптастыру және дамыту. (Қазақстандық логистикалық кәсіпорындар мысалында) | 7820 |
| 1841. | Солод А.И. | Повышение безопасности движения на основе применения кольцевых пересечений | 7826 |
| 1842. | Темирханұлы Т. | Повышение качества транспортного обслуживания пассажиров | 7829 |
| 1843. | Тохиров О.З., Рустамжонов Б.Э. | Определение количества приемо-отправочных путей железнодорожной грузовой станции «К» в условиях увеличения объемов перевозок | 7833 |
| 1844. | Шаймардан Д.Т. | Қойма логистикасындағы заманауи ақпараттық технологиялар | 7836 |
| 1845. | Шурекен Д.А., Алтаев Н.С. | Цифрлық трансформация жағдайында логистикалық процестерді оңтайландыру | 7839 |


## СОДЕРЖАНИЕ

## СЕКЦИЯ 13
## ОБРАЗОВАНИЕ

### ПОДСЕКЦИЯ 13.1 ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ


| | | | |
|---|---|---|---|
| 1846. | **Abdushukurova Zh. F., Aripbek S. B.** | Is multilingualism making us more emotionally intelligent? A cognitive science perspective | 7844 |
| 1847. | **Akhan A., Berdibay D.** | Six levels of thinking: applying bloom’s taxonomy in education | 7846 |
| 1848. | **Akim A.** | Digital tools in language learning: | 7848 |

Транспортные коридоры имеют также значительное социальное значение для Казахстана. Их развитие ведет к созданию новых рабочих мест в сферах строительства, эксплуатации и обслуживания транспортной инфраструктуры. Например, создание новых железнодорожных и автомобильных маршрутов способствует росту занятости в регионах, а развитие воздушного и морского транспорта способствует развитию туризма и международных деловых связей.

Кроме того, транспортные коридоры помогают Казахстану укреплять свои связи с соседними государствами, улучшать внутреннюю мобильность граждан и развивать регионы. Удобная транспортная сеть является важным фактором для привлечения иностранных инвестиций и увеличения экономической активности на территории страны.

Перспективы развития транспортных коридоров. Развитие транспортных коридоров Казахстана будет продолжаться в будущем. Ожидается, что в ближайшие годы Казахстан станет важным транзитным узлом, через который будет проходить значительное количество товаров, связующих Китай, Россию, Европу и Ближний Восток. Это потребует продолжения модернизации и строительства новых объектов инфраструктуры: железных дорог, автодорог, логистических терминалов и портовых сооружений.

Кроме того, Казахстан активно работает над развитием новых проектов, таких как развитие транзитных морских путей через Каспийское море и увеличение объемов перевозок через авиационный транспорт. Важным направлением является также внедрение инновационных технологий в логистику, что позволит улучшить качество транспортных услуг и снизить расходы на перевозки.

Значение транспортных коридоров Казахстана выходит далеко за рамки самой страны. Они являются важным звеном в международной логистике и торговле, содействуя экономическому росту и укреплению внешнеэкономических связей Казахстана. В дальнейшем развитие транспортной инфраструктуры будет играть ключевую роль в обеспечении устойчивого развития страны, увеличении объема транзитных перевозок и улучшении качества жизни населения.

**Список использованных источников**

1. "Глобальные транспортные коридоры: Влияние на экономику Казахстана», Нурланова Т. С., 2023, С.87–88.
2. Коган, М.Я. - Организация перевозок и транспортных процессов. — Москва: Транспорт, 2017, С.101–105
3. Национальный статистический комитет Республики Казахстан. Статистика транспортных перевозок в 2024 году.
4. Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан. Пресс-релиз по объемам транзитных перевозок через территорию Казахстана за 2024 год.

ӘОЖ 600.233

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІНДЕ КӨЛІК-ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

**Жанботаұлы Мұхаммедмұстафа**
mufasazh@mail.ru
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 4 курс білім алушысы
Ғылыми жетекшісі - З.К.Сансызбаева

Аңдатпа. Ұсынылып отырғын мақалада халықаралық көлік дәліздері бойында көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыруда экономикалық және логистикалық тұрғыда

тиімді құрылымды анықтау мәселесі қарастырылып отыр. Транскаспий халықаралық көлік дәлізі негізінде, көлік дәлізіндегі орталық оператор түсінігін қарастыру және оны ұйымдастырудың тиімді жолдарын ұсыну қарастырылған

Транскаспий халықаралық көлік дәлізі - Еуразия құрлығының шығысы мен батысын жалғап жатқан мультимодальді көлік дәліздерінің бірі. Ендік бағытта өтетін басқа да халықаралық көлік дәліздері арасында соңғы жылдары Орта дәліздің де маңызы артып келеді. Оған себеп, дәліздің жоғары әлеуеті мен оны болашақта пайдаланатын мемлекеттердің жобаға деген қызығушылығы.

Қазіргі сәтте Орта дәліз 6 млн. тонна жүкті өткізуге қабілетті. 2027 жылы Орта дәліздің өткізу қабілеті 10 млн. тоннаға және контейнерлік жүк тасымалы көлемі 80 мың ДФЭ-ге жетпек. “Транскапийский международный транспортный маршрут продолжает показывать устойчивый рост, что подтверждается увелечением пропускной способности до 6 млн. тонн в год, включая 100 тыс. ДФЭ контейнерных перевозок” [1].

Кесте 1

Орта дәліздің 2017-2024 жылдар аралығындағы жүк айналымы

| **Жүк айналымы тонна/жыл** | **Контейнерлік тасымал** | **Барлық тасымалданған жүк көлемі** |
|---|---|---|
| 2017-2020 | 71,2 мың ДФЭ | 6 млн. т. |
| 2021 | 25,2 мың ДФЭ | 586 мың т. |
| 2022 | 33,6 мың ДФЭ | 1.485 мың т. |
| 2023 | 20,2 мың ДФЭ | 2.764 мың т. |
| 2024 | 50,5 мың ДФЭ | 4.472 мың т. |

Халықаралық көлік дәліздері бірнеше көлік түрін пайдалана отырып, бір нүктеден екінші нүктеге, бірнеше мемлекеттің аумағын қамтып өтіп, жүктерді жылдам, қауіпсіз және аз шығынмен жеткізетін күрделі жүйе. Оның тұтастығы мен тоқтаусыз, әрі қауіпсіз қызмет етуі көлік экспедициялық қызметпен қамтамасыз етілу деңгейіне пара-пар. 1-ші кестеде көрсетілгендей, жыл сайын артып келе жатқан жүк айналымы көлемінің тұрақты қозғалысын қамтамасыз ету мен сапалы өңдеу көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру деңгейіне байланысты.

Көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негізгі құндылағы – материалдық ағынның тиімді (уақыт, қашықтық, шығын), тұрақты (жоспарлау, заңды тұрғыда көмек көрсету, жеткізу тізбегін бақылау және басқару), қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуде жатыр. Ол оркесторды басқарушы дирижер секілді дәліздегі барлық элементтердің тұтастығын қамтамасыз етіп отырады. Көлік-экспедициялық қамтамасыз етусіз жүкті жеткізу мүмкін, бірақ ұзақ, қымбат, әрі тәуекелдері көп болады. Бұл өз кезегінде дәлізге деген қызығушылықты төмендетіп, жүк иелерін басқа баламалы маршруттарды пайдалануға итермелейді. Сол себепті, халықаралық көлік дәліздерінде көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру өте маңызды.

Көлік экспедициялық қамтамасыз ету Схема 1-де көрсетілгендей элементтерден тұрады.




Схема 1 - Көлік-экспедициялық қамтамасыз ету жүйесі

Көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың негізгі құндылағы – материалдық ағынның тиімді (уақыт, қашықтық, шығын), тұрақты (жоспарлау, заңды тұрғыда көмек көрсету, жеткізу тізбегін бақылау және басқару), қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуде жатыр. Ол оркесторды басқарушы дирижер секілді дәліздегі барлық элементтердің тұтастығын қамтамасыз етіп отырады. Көлік-экспедициялық қамтамасыз етусіз жүкті жеткізу мүмкін, бірақ ұзақ, қымбат, әрі тәуекелдері көп болады. Бұл өз кезегінде дәлізге деген қызығушылықты төмендетіп, жүк иелерін басқа баламалы маршруттарды пайдалануға итермелейді. Сол себепті, халықаралық көлік дәліздерінде көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру өте маңызды.

Халықаралық көлік дәліздерінде көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру процесі белгілі құрылыммен жүзеге асырылады. Мұндай құрылым дәліз бойындағы тұтастық, тиімділік пен қауіпсіздікке байланысты туындайтын көптеген мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады және оған жауапты болады.

Бүгінгі күні халықаралық көлік дәліздерінде көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді тиімді ұйымдастыруда екі негізгі құрылым кең пайдаланылады. Құралымдардың бірі халықаралық көлік дәліздері арқылы жүк тасымалдаушы көлік операторлары арасында құрылатын «Ортақ кәсіпорын» болса, екіншісі дәліздегі көптеген процестерді орталықтан басқаратын және өкілеттілігі ортақ кәсіпорыннан жоғары болатын «Орталық оператор» болып табылады.

Мультимодалды тасымалдар операторы – аралас тасымалдарды жүзеге асыруға келісімшарт жасасқан субъект (кемі екі көлік түрімен жүк тасымалдауды ұйымдастыру келісімі). "Оператором смешанных перевозок называют лицо, заключившее договор смешанной перевозки (договор на перевозку грузов, по крайней мере, двумя различными видами транспорта)" [2]. Мультимодалды тасымалдар операторы тасымалдаушылар немесе экспедиторлық қызмет жүргізуші компаниямен салыстырғанда дәліз бойындағы барлық қатысушылардың координациясына жауап береді, тіпті оның жауапкершілігі мұнымен шектелмеуі мүмкін.

Транскаспий халықаралық көлік дәлізі бойындағы көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру дәліз пайда болған уақыттан бастап ойластырылып келген мәселе болатын. 2022 жылы Орта дәліз бойындағы жүк ағыны көлемінің күрт артуы мен тізбек қатысушылары арасындағы координация деңгейінің төмендігі жүкті жеткізу уақыты мен шығындарының артуына әкеліп соқтырды. 2023 жылы Орта дәліз елдерінің темір жол операторлары дәлізді ортақ күш салып дамыту мақсатында бас біріктіріп, «Middle Corridor Multimodal ltd» компаниясын құрды.

Осылайша, шектеулі ресурстары бар Орта дәліз бойындағы бірнеше ел дәлізді ортақ кәсіпорын құру негізінде дамыта бастады. Дегенмен, ортақ кәсіпорын дәліз бойындағы координацияның жоғары деңгейін, туындаған мәселелер мен шектеулердің қысқа уақытта шешілуін, қаржылық русурстардың оңтайлы пайдаланылуын және басқарудың жеңілдеуін толық қамтамасыз ете алмайды. Себебі, ортақ кәсіпорынның өзіне тән бірқатар кемшіліктері бар. Схема 2-ге мән берер болсақ, ортақ кәсіпорынның дәлізді басқаруда өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктерін көре аламыз. Қазіргі уақытта, яғни Орта дәліз енді дамып келе жатқанда, оны ортақ кәсіпорын арқылы басқару тиімдірек. Бірақ, алдағы уақытта жүк ағыны көлемі жоғарылай берсе, Схема 2-де көрсеетілген ортақ кіспорынның кемшіліктері біліне бастауы мүмкін.




Схема 2 - Ортақ кәсіпорынның артықшылықтары мен кемшіліктері

Халықаралық көлік дәлізі біртұтас күрделі жүйе болғандықтан, оның тұтастығын тұрақты қамтамасыз ететін басқарушы құрылымның болуы өте маңызды. Халықаралық бағыттағы аралас тасымалды жүзеге асыруда тізбек қатысушылары күрделі экономикалық және коммерциялық қарым-қатынасқа түседі, ал бұл процесті жеңілдету мақсатында соңғы жылдары халықаралық көлік дәліздері бойында жүкті басынан аяғына дейін жеткізуге жауапты құрылым, аралас тасымалдардың орталық операторын құру идеясы көптеп айтылуда. *“В транспортном процессе все его участники – изготовители продукции, заказчики, покупатели, перевозчики, посредники выступают в сложные экономические и коммерческие -правовые отношения, регулируемые различными нормативными актами, национальными законодательствами и международными нормами, обычаями. Значительно упростить отношения между различными участниками удалось с появлением оператора мультимодальной перевозки. Теперь каждый участник имеет дело только с одним субьектом, который организует перевозку от начала и до ее завершения”* [2].

Схема 3-ке назар аудара болсақ, орталық оператордың артықшылықтары мен кемшіліктерін көре аламыз. Орталық операторды құрудағы негізгі кемшіліктер көбіне дәліз бойындағы елдердің басқаруды өзге құрылымға беріп, дәліздегі мәселелерге қатысты шешімдерді қабылдау құқығын сақтап қалумен байланысты екенін көре аламыз.

А.В.Дмитриевтың ғылыми зерттеуінде, ұзақ перспективада жеткізу тізбегінің икемділігі мен қызмет көрсету деңгейінің сапасын арттыруда орталықтанған басқарудың тиімді екенін айтады: “Специфика работы субъектов рынка транспортно-экспедиторских услуг любого уровня, локального или регионального, должна основываться на постоянном поиске новых возможностей расширения перечня предлагаемых логистических услуг и

развития базы. В данном случае речь идет о создании широких горизонтальных и вертикальных связей с хозяйствующими субъектами в долгосрочной перспективе. Процесс формирования длительного взаимодействия транспортно-экспедиторских компаний с предприятиями и организациями в рамках технологического цикла происходит также на основе логистического подхода и называется логистической кооперацией, целью которого является снижение общих затрат на тавародвижение, улучшение уровня обслуживания и повышение гибкости цепей поставок” [3].




Схема 3 - Орталық оператордың артықшылықтары мен кемшіліктері

Екі құрылымның артық және кем тұстарын салыстыру нәтижесінде халықаралық көлік дәлізін басқаруда тиімді құрылымның орталық оператор екенін көреміз. Ғылыми зерттеудің басты мақсаты, дәліз бойында орналасқан елдер мен ондағы көлік инфрақұрылыма ие ұйымдардың мүдделерінің қақтығысын қаперге алмай, көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыруда ұзақ мерзімді перспективадағы экономикалық және логистикалық тұрғыда тиімді құрылымды анықтау болып табылады.

“The barriers that divide the various modes of transportation, on the other hand, are in large measure artificial: laws and regulations based on competitive conditions that no longer exist, and general business practices long since abandoned or outlawed. I am convinced that shippers would prefer to deal with a single source for their entire transportation package. But the only organization that could sell them total transportation would be a single intermodal transportation company, able to own and use any and all means of transportation under one management, with one sales force and one pricing policy, one accounting system, one corporate responsibility” [4]. У. Грахамның ғылыми еңбегінде, орталықтан басқару жүйесі бар аралас тасымалдардың операторы жайлы баяндалады. Онда автор жүк иелерінің орталықтандырылған басқару жүйесі бар, ортақ тарифтерді ұсынатын және барлық процесстерге жауапты құрылыммен жұмыс жасағанды құп көретінін және көлік-экспедициялық қастамасыз етуді ұйымдастыруда мәселеге тұтынушының көзқарасымен қарау керек екенін айтады.

Ал Ж.С.Мусаев, М.Ж.Туркебаев, Р.К.Кибитованың ғылыми зерттеуінде нарықтағы қатысушылардың қандай да бір саланы дамытуға тырыспауы, белгілі келісімдерге жетуге бөгет жасайтынын айтады. “По результатам опроса можно отметить, что как показывают последние политические события, чем меньше участников рынка задействованы в той или иной сфере, тем сложнее добиться договорённости. Также пандемия показала, что глобализация не работает, все заинтересованы только в выгоде своего региона/страны” [5]. Бұл мәселе ортақ кәсіпорынға қатысты. Себебі, ортақ кәсіпорындағы кез-келген өзгеріс

ондағы қатысушылардың шешімдеріне тәуелді, ал бір қатысушының қарсылығы жалпы жүйеге әсер етуі мүмкін.

Орта дәліздің ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуы ондағы басқарушы құрылымға тікелей байланысты. Сол себепті, Орта дәліз бойында басқаруды оңтайландыру мақсатында аралас тасымалдардың орталық операторын құру идеясы ұсынылды.

2024 жылы Орта дәліздегі жалпы жүк айналымы 4.472 млн тоннаны құрады. Бұл ортақ кәсіпорын қызметі кезіндегі жүк айналымының көрсеткіші.

Каспий теңізін кесіп өту арқылы Ляньюнган-Стамбул бағытындағы дәліздің жалпы өткізу қабілетін есептеу:

$$Q_{\text{жалпы}} = min\,\{Q_1 + Q_2 + Q_3\} \quad (1)$$

$Q_1 -$ Орта дәліздің шығыс бөлігінің (Ляньюнган-Ақтау) өткізу қабілетін есептеу:

- Пойыздар арасындағы интервал $I = 3{,}5$ сағат (210 мин. - орташа есеппен);
- Тәуліктегі қатынайтын пойыздар саны $N$= 7 ($T_{\text{тәулік}} = 1440$ мин.);

$$N = \frac{T_{\text{тәулік}}}{I} = \frac{1440}{210} = 7 \text{ пойыз} \quad (2)$$

- Бір жылжымалы құрамның жүк көтерімділігі $С_{\text{тж}}$= 3000 т (орташа есеппен);
- Көлікті пайдалану коэффиценті $\alpha_{\text{тж}}$= 0,58 (58%);

Орта дәліз бойында бір тәулікте тасымалданатын жүк көлемі:

$$Q_{\text{тәулік}} = N \times \alpha_{\text{тж}} \times С_{\text{тж}} \text{ (3)} \quad (3)$$

$$Q_{\text{тәулік}} = 7 \times 0{,}58 \times 3000 = 12.390 \text{ т.}$$

Орта дәліз бойындағы бір жылдағы жалпы жүк айналымы, 2024 жыл:

$$Q_1 = 12.280 \times 365 = 4.522 \text{ т.} \quad (4)$$

$Q_2 -$ Орта ддәліздің теңіз арқылы өтетін бөлігінің өткізу қабілетін есептеу:

- Тәулікте қатынайтын кемелер саны $M$ = 4 (орташа есеппен);
- Кемелердің орташа жүк көтерімділігі $С_{\text{кеме}}$= 5100 т.
- Теңіз арқылы тасымалдаудың толық циклі $T_{\text{теңіз}}$= 24 сағат;
- Көлікті пайдалану коэффиценті $\alpha_{\text{кеме}}$= 0,59 (59%);

Орта дәліздегі Каспий теңізі бойында бір тәулікте тасымалданатын жүк көлемі:

$$Q_{\text{теңіз тәулік}} = M \times \alpha_{\text{кеме}} \times С_{\text{кеме}} \quad (5)$$

$$Q_{\text{теңіз тәулік}} = 4 \times 0{,}59 \times 5100 = 12.036 \text{ т.}$$

Орта дәліздегі Каспий теңізі бойындағы бір жылдағы жалпы жүк айналымы, 2024 жыл:

$$Q_2 = 12.036 \times 365 = 4.393 \text{ т.} \quad (6)$$

$$Q_1 = Q_3$$

Каспий теңізін кесіп өту арқылы Ляньюнган-Стамбул бағытындағы дәліздің жалпы өткізу қабілетін есептеу:

$$Q_{\text{жалпы}} = \min\{4.522 + 4.393 + 4.501\} = 4.472 \text{ млн.т.} \quad (7)$$

Ендігі кезекте Орта дәліз бойында орталық оператор негізгі басқару құрылымы болғандағы жүк айналымын есептейік.

Орталық оператордың көлікті пайдалану коэффиценті $\alpha_{\text{тж}} = 0.68$ $\alpha_{\text{кеме}}$= 0.69 тең.

Орта дәліз бойында бір тәулікте тасымалданатын жүк көлемі (орталық оператор):

$$Q_{\text{тәулік}} = 7 \times 0{,}68 \times 3000 = 14.280 \text{ т.} \quad (8)$$

Орта дәліз бойындағы бір жылдағы жалпы жүк айналымы, (орталық оператор):

$$Q_1 = 14.280 \times 365 = 5.212 \text{ т.} \quad (9)$$

Орта дәліздегі Каспий теңізі бойында бір тәулікте тасымалданатын жүк көлемі (орталық оператор):

$$Q_{\text{теңіз тәулік}} = M \times \alpha_{\text{кеме}} \times С_{\text{кеме}} \quad (10)$$

$$Q_{\text{теңіз тәулік}} = 4 \times 0{,}69 \times 5100 = 14.076 \text{ т.}$$

Орта дәліздегі Каспий теңізі бойындағы бір жылдағы жалпы жүк айналымы, (орталық оператор):

$$Q_2 = 14.076 \times 365 = 5.136 \text{ т.} \quad (11)$$

Каспий теңізін кесіп өту арқылы Ляньюнган-Стамбул бағытындағы дәліздің жалпы өткізу қабілетін есептеу:

$$Q_{\text{жалпы}} = \min\{5.212 + 5.136 + 5.212\} = 5.186 \text{ млн.т.} \quad (12)$$

Технологиялық есеп қорытындысы бойынша орталық оператор ортақ кәсіпорынмен салыстырғанда 10% тиімдірек және ол ортақ кәсіпорынға қарағанда 714.666 тонна жүкті артық өткізе алады.

Жеткізу тізбегін оңтайландыру мақсатында жасалған көп ғылыми еңбектерде халықаралық бағыттағы аралас тасымалдарды орталықтан басқару жүйесін қолдану идеясы көп айтылуда. Аралас тасымалдардағы тізбек қатысушылары мүдделерінің қақтығысын есепке алмағанда, халықаралық көлік дәліздеріндегі экономикалық және логистикалық тұрғыда тиімді құрылымның – орталық оператор екенін түсінеміз.

Ғылыми зерттеу нәтижесінде халықаралық көлік-дәліздерінде көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастырушы екі құрлымның артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Салыстыру нәтижесінде орталық оператордың ортақ кәсіпорынға қарағанда ұзақ мерзімді перспективада тиімдірек екені анықталды.

Орта дәліз өте қысқа уақытта жоғары сұранысқа ие болған көлік дәліздерінің бірі. Себебі, Орта дәліз бойындағы макро және микро орта тұрақты, тату және қауіпсіз. Ондағы елдердің экономикалық жағдайы қанағаттанарлық, транзиттік және экспорттық әлеуеті жоғары, инфрақұрылымы орта деңгейлі. Оның әлеуетін әрі қарай арттыру оның бойындағы елдер мен ондағы көлік инфрақұрылымына ие ұйымдардың интеграциялық деңгейі мен дәлізді дамытуға деген қызығушылығына байланысты.

Ғылыми жұмыс қортындысы бойынша, Транскаспий халықаралық көлік дәлізі бойында көлік-экспедициялық қамтамасыз етуді ұйымдастыруда тиімді құрылым ретінде - көлік-экспедициялық қамтамасыз етудің орталық операторы болып анықталды.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі**


1. Primeminister.kz//Министерство Республики Казахстан; Заявление о росте и развитии ТМТМ// Астана, 2024.
2. Иванова Н.С. Исследование организации транспортно-экспедиционного обеспечения международных транспортных коридоров// Москва, 2006.
3. Дмитриев А.В. Проблемы логистической координации деятельности субъектов рынка транспортно-экспедиторских услуг// Санкт-Петербург, 2015.
4. Дмитриев А.В. Проблемы логистической координации деятельности субъектов рынка транспортно-экспедиторских услуг// Санкт-Петербург, 2015.
5. Ж.С.Мусаев, М.Ж.Туркебаев, Р.К.Кибитова. Перспективы развития железнодорожного транспорта Казахстана//Академия логистики и транспорта; Алматы, 2021.
6. Инструкция по расчету наличной пропускной способности железных дорог, В.Н. Морозов// Москва, 2010.